

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_»  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мажилис Парламента  
«\_\_» 20 \_\_ года

2020 жылдың 30 қыркүйегінде жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
**А.Ұ. Маминге**

Депутаттық сауал

### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Кез-келген мемлекет тәуелсіздігі тұрақты да берік, халқының әл-ауқаты жақсы болуы үшін ең алдымен азық-түлік өндіру саласын жолға қояды. Сондықтан да ауыл шаруашылығын дамыту әлемдегі барлық елдердің басты мақсаты мен бағыты болып табылады. Қазақстан да өз халқын қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығына барынша қолдау жасауда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында да елді азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі тиісінше ескерілді. Онда мемлекетімізді өзіндік ерекшелігіне сай аумақтық дамытуды жолға қою алға тартылды. Осы мақсатта Алматы облысының ауыл шаруашылығы саласындағы суармалы егіншіліктің дамуына кедергі болып жатқан жағдайларды атап өткім келеді. Нактысын айтқанда, Алматы облысының Ұйғыр ауданы тұрғындарының хабарлауынша, аудандағы суару каналдары мен су қоймаларына мемлекеттік акт және төлкүжаттар 2015 жылдан бастап дайындалып, 2016 жылы «Добын»-1, «Добын»-2, Бақ Кетпен, Үлкен Ақсу су қоймалары және 537 км суару каналдары республикалық меншікке, яғни «Қазсушар» мекемесінің Алматы филиалына берілген екен.

Бірақ, бүгінгі күні «Қазсушар» су шаруашылығы мекемесі магистральдық 332 км суару каналдары мен Сарыбұлақ су қоймасына күтім жасап, тау бектеріндегі суару каналдары мен төрт су қоймасына көніл бөлмей келеді. Аталған суару каналдары мен су қоймалары күрделі жөндеу жұмыстарын талап етуде. 2017 жылы Алматы облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, магистральдық 331,7 км суару қаналдарына қайтадан қалпына келтіруге құны 5314,3 млн тенгеге жобалық сметалық құжаттама жасалған.

Бірақ бұгінгі күнге дейін бұл каналдарға қайта жөндеу жұмыстары жүргілмей түр. Ал жобалық смета құжаттамасында (ПСД) жөндеу жұмыстары 2020 жылдың 25 желтоқсанында аяқталатындығы көрсетілген.

Сол себепті биылғы жылы тиісті қаржы бөлінбесе келесі жылы 185 млн. теңгеге жасалған жобаны қайтадан жасатуға тұра келеді.

Шешімін таппай жатқан тағы бір мәселе - аудандағы 332 км сорғыту және құрғату (дренаж) каналдары аудандық ауыл шаруашылық бөлімі мемлекеттік мекемесінің тенгеріміне берілгендейді. Дегенмен, бұл каналдар республикалық менишікке өткізілмесе, оны күтіп ұстауға ауданың мүмкіндігі жеткіліксіз болып отыр. Осыған орай бұл мәселені де реттеудің қажеттілігі туындалған отыр.

Аталған депутаттық сауалға заңнамада көзделген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан  
сайланған депутаттар**

**Ш.Ү. Нурумов  
С.А. Абрахманов  
В.К. Божко  
Н.В. Жұмаділдаева  
Р.У. Қим  
Н.Г. Микаелян  
А.С. Мурадов  
Ю.Е. Тимошенко  
Ш.Х. Хахазов**

**«Халықтық коммунистер»  
фракциясының мүшесі**

**Т.Ы. Сыздықов**

орын: *M.Ырысбекұлы*  
тел: 74-65-23